

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 6 (917) 10 ақпан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## МҰРАҒАТ – ТАРИХИ ҚҰЖАТТАР ҚОЙМАСЫ

Қоғамның бай тарихи тәжірибесін жан-жақты, ауқымды бейнелейтін мұрағат және ондағы сақталған құжаттардың құндылығы мен маңыздылығы ерекше. Еліміздің аса бай рухани қазынасы болып табылатын мұрағат ісі ХVIII ғасырдан бастау алады.

Осы ретте Тайынша аудандық филиалы Солтүстік Қазақстан облысындағы мұрағат қызметінің құрылғанына 100 жыл толуына орай қалалық №5 орта мектебінің оқушыларының қатысуымен көрме ұйымдастырылды. Көрме барысында балалар Тайынша аудандық мұрағатының тарихымен танысып, аса құнды құжаттар туралы ақпарат алды. Жалпы Тайынша аудандық мұрағаты осы мекеме мамандарымен жыл көлемінде осы бағытта күрделі іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр. Кез келген уақытта тарихтан ерекше сыр шертетін мекемеге келіп, әр тақырыпта мамандардың көмегімен мағлұматтар алуға болады. Өйткені еліміздің мұрағаттары өзінің қоймалары қойнауында көлемі мен мазмұны бойынша бірегей, аса бай ақпараттық әлеуетке ие қорларды сақтайды. Бұл құжаттар Қазақстан тарихын зерттеу үшін өте құнды дереккөз материалдары болып табылады. Сондай тарихи мекемелердің бірі - Тайынша аудандық мұрағаты. Мекемеге келемін деген аудан, облыс азаматтарына мекеменің есігі әрқашан ашық.

## ДЕНСАУЛЫҚ БАСТЫ НАЗАРДА!

Фортификация-тағамдарды адам ағзасына пайдалы дәрумендер (витаминдер) мен минералдармен байыту процессі болып табылады.

Тағамдардың басым бөлігі технологиялық өңдеу нәтижесінде өзінің пайдалы қасиеттерін жоғалтады және микронutriенттерді, ең алдымен дәрумендер мен минералды заттарды (А, В, С, Д тобы, темір, кальций, магний, йод, цинк, селен және басқалар) жоғалтады.

Адамның тамақ рационьында фолий қышқылы мен дәрумендердің жетіспеушілігі анемия, жүрек-қан тамырлары ауруларына, ана мен бала өліміне себеп болуы мүмкін. Дәрумендер мен минералдар алмастыруға келмейтін тағамдық заттарға жатады. Оларды қалпына келтірудің ең оңай тәсілі-фортификация (байыту). Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 111-бабы, 3-тармағында темір жетіспеушіліктің алдын-алу мақсатында ел аумағына сатылатын жоғарғы және бірінші сортты бидай ұнын құрамында темірі бар дәрумендермен, минералдар және басқа да заттармен міндетті байыту (фортификациялау) көзделген.

Біздің елімізде адамдар ақ ұннан дайындалған нан-тоқаш және макаронды өнімдерді аса көп тұтынады, оларды өндіру кезінде кебекпен бірге 75-90% дәрумендер мен минералдар жоғалады.

Микроэлементтердің жетіспеушілігін толықтырудың ең тиімді жолы күнделікті сұранысқа ие азық-түлік өнімдерін фортификациялау (байыту) болып табылады (фортификатталған ұн / нан және макарон өнімдері).

Осы негізде елімізде ұн комбинаттары темір, мырыш, фолий қышқылы және дәрумендерді қамтитын дәрумендік-минералды кешенмен (премикс) ұнды байытады. Байытылған ұнды «Дәруменді-минералды қоспамен байытылған ұн» немесе «байытылған ұн» деген жазу арқылы айыруға болады. Тамақты пісіргенде және дайындағанда, байытылған ұн 95% дейін қоректік заттарды сақтайды. Ол фортификация үшін және мақсаты бойынша оңтайлы, өйткені ұнды бүкіл халық тұтынады. Ұнды витаминді-минералды қоспалармен байыту (фортификациялау) үшін жауапкершілік ұн тарту кәсіпорындарына жүктелетінін атап өткен жөн.

Байытылған тамақ өнімдерінде витаминдер мен минералды заттардың құрамы байытылған өнімді тұтынудың әдеттегі деңгейі кезінде осы микронutriенттерге тәуліктік қажеттіліктің кемінде 10%-ын және ұсынылатын тәуліктік қажеттіліктің 30%-нан аспайтын мөлшерін қанағаттандыру үшін жеткілікті деп есептеледі. Ұнды витаминдермен және микроэлементтермен фортификациялау олардың тапшылығының дамуына жол бермейді, қалыпты дене және ақыл-ой еңбекке қабілеттілігін сақтауға ықпал етеді, халық арасында аурушаңдық пен өлім-жітім жайттарын азайтады. Өзіңізді және жақындарыңызды сақтаңыздар!

Анар ШАРИПОВА,

ҚР ДСМ СЭБ Комитеті СҚО СЭБ Департаменті  
Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау басқармасы» РММ-ның бас маманы.

## ҮКІМЕТТЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырудың жаңа тәсілдерін іске асыру қаралды.

Премьер-Министрдің орынбасары – сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин биылғы қаңтар айының қорытындысы бойынша инфляция 1,1%-ды құрағанын, оның ішінде азық-түлік бойынша инфляция 1,4%-ды, азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы 0,9%-ды, ақылы қызметтер бойынша 0,7%-ды құрағанын хабарлады. Азық-түлік инфляциясының ең жоғары деңгейі Астана мен Шымкентте (2,2%-дан), Қызылорда және Солтүстік Қазақстан (1,8%), Ақтөбе (1,7%) және Ұлытау (1,5%) облыстарында қалыптасты.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының индексі жыл басынан бері 1,7%-ды құрады. Апта сайын динамика әр түрлі деңгейде – +0,3/+0,4%. Маңғыстау (3,4%), Ұлытау (2,8%) облыстарында және Астана қаласында (2,5%) баға қатты өскен. Атап айтқанда, пияз 22,5%-ға, күріш 5,2%-ға, қырыққабат 4,1%-ға, сүт пен сәбіз 3,1%-ға, картоп 3,0%-ға, кеспе 2,6%-ға қымбаттады.

Қазіргі уақытта республикада бағаны тұрақтандыру құралдары қайта қаралды. Мәселен, «айналым схемасы» шеңберінде қарыз беру бойынша тәсіл қайта форматталды – қазір тікелей өндірушілерге беріледі, тұрақтандыру қорларын қалыптастыру тетігі өзгертілді – өнімді сатып алу егін жинау кезеңінде, яғни нарықта бағалар бәсекелестікте кезде жүреді, ал олар маусымаралық кезеңде сатылады.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы өндірушілерінен өнімді сатуға дейін сақтауға мүмкіндік беретін келісім-шарт жасауға форвардтық сатып алу тетігі енгізілді. Бүгінгі таңда 2022 жылғы егін келісім-шарты бойынша нақты қорлар: пияз – 110%, картоп – 105%, сәбіз – 87%, қырыққабат – 70%. Қазіргі уақытта сауда объектілері арқылы пиязды сатып бастау туралы тапсырма берілді.

Серік Жұманғарин республиканың барлық ірі сауда желілері бағаны тұрақтандыру жұмыстарына қатысатынын айтты.

Азық-түлік қоры туралы ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, азық-түлік бағасының мониторингі туралы Ұлттық статистика бюросының басшысы Жандос Шаймарданов баяндады.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғазев, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы және Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өңірлердегі бағаны тұрақтандыру шаралары туралы баяндама жасады.

Премьер-Министр 2023 жылға арналған негізгі міндеттердің бірі 2023 жылдың қорытындысы бойынша инфляцияның деңгейін 9,5%-дан асырмау екенін айтып өтті. Бұған қол жеткізуге әбден болады. Тек бұл үшін барлық өңірлердің азық-түлік бағасын тұрақтандыру, әсіресе, маусымаралық кезеңде бағаны ұстап тұру бойынша белсенді жұмысы қажет.

Үкімет басшысының айтуынша, әкімдіктерге барлық қажетті тетіктер ұсынылды, қаражат бөлінді, алайда жергілікті жерлерде аталған мәселеге салғырт қараудың салдарынан бағаның өсуі тоқтайтын емес. Мысал ретінде Премьер-Министр өңірлерге пияз бойынша келісім-шарт жасау тапсырылғанын айтты.

«Әкімдер өнім көлемі жеткілікті деп бірнеше рет айтты. Онда пияз нәліктен қымбаттайды? Біздің елімізде пияз көп өседі. Алайда бағаны төмендету үшін пияз экспортына тыйым салып, шұғыл шаралар қабылдауға мәжбүр болдық», — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы республикадағы форвардтық сатып алу тетігі бірінші кезекте өндірушілерді қаржыландыру үшін қайта форматталғанын айтты. Алайда әкімдіктер делдалдарды көбейте отырып, жеткізушілерге қаражат бөледі жалғастыруда.

«Өңірлерге тиімді бағамен тұрақтандыру қорларын толтырып алуға мүмкіндік берілді», — деді Премьер-Министр.

Сонымен қатар, Үкімет басшысының айтуынша, жыл басынан бері сауда саласындағы заңнаманы бұзушылық фактілері жоқ, дегенмен барлық әкімдіктерге тиісті өңірлік комиссиялардың жұмысын жақсарту үшін алгоритмдер мен ұсынымдар жіберілген болатын.

«Алайда өңірлерді комиссия отырыстарын өткізуге “қинағандай етіп” мәжбүрлеп отырмыз. Оның өзі де ешқандай нәтиже беріп отырған жоқ. Тағы да қайталап айтатын: азық-түлік өнімдеріне бағаны тұрақтандыру – Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың аса маңызды міндеті. Жұмысқа немқұрайлы қарау орын алса және нәтиже болмаса, тиісті шешімдер қабылданады. Бұл туралы бұған дейін де айтылды», — деді Әлихан Смайылов.

◆ **Үкімет жаңалықтары**



ҮКІМЕТ  
ОТЫРЫСЫ

Осыған байланысты Үкімет басшысы сатып алу-сату кезіндегі тауарлар көлемі мен бағасын ерекше бақылауға алу-ды тапсырды. Осы орайда Премьер-Министр әкімдіктерден тек бақылау-кассалық аппараттарды қолданатын сауда объектілерінде тұрақтандыру қорларынан өнімдерді сатуды жүзеге асыруды талап етті.

Сонымен қатар Премьер-Министр барлық аудандарды қамти отырып, тұрақты негізде арнайы жармеңкелер өткізу және бағаны, көлемді, қарсы міндеттемелерді және айыппұл санкцияларын белгілеу жөніндегі міндетті шарттарды көрсете отырып, форвардтық сатып алу шартының бірыңғай форматын әзірлеу қажеттігін атап өтті.

\*\*\*

### ТҮРКИЯҒА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК РЕТІНДЕ БІР МИЛЛИОН ДОЛЛАР БӨЛІНДІ – ҮКІМЕТ ҚАУЛЫСЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жойқын жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен Түркия Республикасына гуманитарлық көмек ретінде \$1 млн бөлінді. ҚР Үкіметі 2023 жылғы 8 ақпанда тиісті Қаулыны қабылдады.

ҚР Қаржы министрлігіне ҚР және басқа мемлекеттердің аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2023 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген ҚР Үкіметінің төтенше резервінен ҚР Сыртқы істер министрлігіне бір миллион АҚШ долларын бөлу тапсырылды.

Өз кезегінде сыртқы саяси ведомство заңнамада белгіленген тәртіппен аталған қаражатты түрік тарапының арнайы шотына аударуға тиіс.

Қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

\*\*\*

### ҮКІМЕТТЕ ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ӨЗІРЛЕУ БАРЫСЫ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев «Қолжетімді интернет» және «Әрбір елді мекенде таза ауыз су» ұлттық жобаларын іске асыру жөнінде кеңес өткізді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметінше, 2027 жылы кең жолақты интернеттің үйдегі желілеріне қол жеткізу деңгейі 100%-ға жетеді. Сонымен қатар 2027 жылы 5G-мен қамту республикалық маңызы бар қалаларда 75%-ға, облыс орталықтарының қалаларында 60%-ға жетпек. Ал ауылдық жерлерде интернет желісін пайдаланушылардың үлесі 2027 жылы 97%-ға жақындайды.

Сонымен қатар кеңеске қатысушылар Мемлекет басшысының халықты ауыз сумен жүз пайыз қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде әзірленген «Әрбір елді мекенде таза ауыз су» ұлттық жобасын қарады. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі осы жобаны қаржыландыруды қайта қарады. Оны іске асыру 2025 жылдың қорытындысы бойынша барлық қалалар мен ауылдарды сумен жабдықтау қызметтеріне 100% қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кеңес қорытындысы бойынша Ерұлан Жамаубаев мүдделі мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берді.

\*\*\*

### ЕКІБАСТҰДА ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖҮЙЕСІНЕ КЕҢ АУҚЫМДЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет және Павлодар облысының әкімдігі Екібастұз тұрғындарының пәтерлерінде және қаладағы әлеуметтік нысандарда температуралық режимді тұрақтандыру бойынша кешенді шаралар қабылдауда.

(Жалғасы 2-бетте).



# ҮКІМЕТТЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ҚАРАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Сейсенбі, 7 ақпанда, ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен өткен арнайы кеңесте жылу желілерінің бірқатар учаскелерін ауыстыру және ЖЭО-да жөндеу жұмыстарына дайындық мәселелері қаралды.

Сол күні Екібастұзға Энергетика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, «ТКШ ҚазОрталығы» АҚ, Атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің өкілдері барды. Жөндеу барысымен танысқаннан кейін жұмыс тобының мүшелері әлеуметтік нысандар мен көп пәтерлі тұрғын үйлерге барды.

Бүгінгі таңда Екібастұз ЖЭО-да 5 қазандық – 2 энергетикалық және 3 су жылытатын қазандық жұмыс істейді. Тағы 5 қазандық жөнделіп жатыр. Сонымен қатар жылу желілеріндегі ақауларды жою жұмыстары тәулік бойына атқарылуда. Қазіргі уақытта квартал ішіндегі учаскелерде тіркелген 9 ақауды жөндеу жұмыстары жүріп жатыр.

Сонымен қатар Екібастұзда жылу беру температурасын реттеу жұмыстары жалғасуда. Нормативке сәйкес, ол 77/53оС (шығу кезінде) болуы керек, қазіргі кездегі нақты көрсеткіш – 64/45оС (шығу кезінде). Сонымен қатар сыртқы ауа температурасы -21оС-қа жетеді.

6 ақпанда жылытудың температуралық параметрлерінің төмендеуіне байланысты қала мектептерін қашықтан оқыту форматына көшіру туралы шешім қабылданды. Жұмыс аяқталғаннан кейін штаттық оқыту режимі қалпына келтірілмек.

Айта кету керек, қалада қалыпты деңгейде жылу берілмей отырған 28 көп пәтерлі тұрғын үй бар. Осыған байланысты жылыту маусымы кезеңінде аталған үйлердің жылумен жабдықтау жүйелерін жөндеп, неғұрлым жоғары параметрлер бойынша жылу беру туралы шешім қабылданды. Жұмыстарды тиісті коммуналдық кәсіпорындар жүргізетін болады.

Сонымен қатар қалада жылыту маусымы аяқталғаннан кейін басталатын кең ауқымды жөндеу науқанына дайындық жүргізілуде. Бүгінгі таңда қалалық жылумен жабдықтау жүйелеріне техникалық аудит жүргізіліп жатыр, қорытындысы бойынша оны кешенді қалпына келтіру шаралары айқындалатын болады. Жалпы ұзындығы шамамен 5 км болатын төрт жылу торабын реконструкциялау үшін ЖСҚ дайындалып, қазір олар мемлекеттік сараптамадан өтіп жатыр. Сонымен қатар қаланың квартал ішіндегі 400 км желілерін жөндеуге есептер дайындалды.

Ауқымды жөндеу науқанын жүргізу және қаржыландыру көздерін айқындау үшін облыс әкімдігі мен «ОАЭК» АҚ арасында жауапкершілікті бөлісу бойынша меморандум жобасы әзірленді.

Тұтынушыларға жылу энергиясы үшін төлемді қайта есептеу үшін жылумен жабдықтау қызметтерінің құнын есептеудің жаңа алгоритмі жасалғанын атап өткен жөн.

Облыстағы жылыту маусымын өткізу барысы ҚР Үкіметінің ерекше бақылауында.

\*\*\*

## ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫНДА ШҰҒЫЛ ӘРІ САПАЛЫ ШЕШУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР КӨП

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар қаралды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаевтың хабарлауынша, 2022 жылдың қорытындысы бойынша елімізде 15,4 млн шаршы метр тұрғын үй салынды, тұрғын үй құрылысына инвестициялар өткен жылмен салыстырғанда 16,8%-ға өсіп, 2,9 трлн теңгені құрады. Биыл 15,3 млн шаршы метр тұрғын үйді, соның ішінде мемлекеттік

қолдау есебінен пайдалануға беру жоспарланған. Бұл ретте кезекте тұрғандарға жылжымайтын мүлік сатып алуға жеңілдетілген несие және жалдауға субсидиялар беру көзделген.

Сонымен қатар көппәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеу бойынша жұмыс жалғасуда. Бүгінгі күні күрделі жөндеуді қажет ететін кондоминиум объектілерінің үлесі 31,1%-ға дейін төмендеді. Кейбір өңірлерде тұрғын үй қорының жоғары тозуы сақталуда. Атап айтқанда, Абай облысында – 67%, Батыс Қазақстан облысында – 63,9%, Ақмола облысында – 59,2%, Жетісу облысында – 52,6% және Алматы қаласында – 52,4%. Жалпы, былтыр 11 өңірінде 215 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Апатты жағдайдағы тұрғын үй иелерінің мәселелерін шешу және елді мекендердің сәулеттік келбетін жақсарту мақсатында бұзылатын үйлердің тізбесін айқындай отырып, қабылданған реновациялау бағдарламалары өзектендірілетін болады. 2029 жылға 1500 үйді бұзу және 40 мың меншік иесінің тұрғын үй мәселелерін шешуді қамтамасыз ету жоспарланған, оның ішінде биыл 3 мыңнан астам меншік иесін қамтитын 120 көппәтерлік тұрғын үй бар.

Елдің коммуналдық секторын дамыту мақсатында сумен, жылумен жабдықтау, су бұру жүйелерін салу және реконструкциялау жұмыстары жалғасып жатыр. Аталған желілердің жалпы ұзындығы 129 мың шақырымды құрайды (жылумен жабдықтау – 14 мың км, сумен жабдықтау – 98 мың км, су бұру – 17 мың км).

2022 жылдың қорытындысы бойынша түрлі қаржыландыру көздері есебінен 3 мың шақырымға жуық желі жаңғыртылды. Нәтижесінде желілердің жалпы тозуы 53%-дан 51%-ға дейін төмендеді. Биыл шамамен 2 мың шақырым желіні жаңғырту арқылы желілердің жалпы тозу көрсеткішін 50%-ға дейін, ал 2029 жылы 40%-ға дейін төмендету жоспарлануда.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің айтуынша, сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділік қалаларда 98,4%, ауылдық елді мекендерде 94,5% құрады. Жамбыл облысының (91,9%) қала тұрғындары және Қостанай (79,6%), Ақмола (89,8%), Солтүстік Қазақстан облыстарының (84,6%) ауыл тұрғындары үшін сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділік төмен екені байқалады. Осы жылдың қорытындысы бойынша 5 қала және 192 ауылдық елді мекен сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізетін болады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың соңына дейін сумен жабдықтау қызметтерімен қалалар мен ауылдардағы халықтың 100%-ы қамтамасыз етіледі.

Өңірлерде ТКШ инфрақұрылымын жаңғырту туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров, Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов баяндады.

Премьер-Министр тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың әлеуметтік және экономикалық маңызы өте зор екенін атап өтті. Өткен жылы 130 мыңнан астам отбасы өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартты. Жалпы, елімізде тұрғын үйді пайдалануға беру жоспары орындалды. Бірақ 2021 жылмен салыстырғанда өсу қарқыны біршама төмендеді.

«Биыл 15,3 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл 2022 жылғы көрсеткіштен төмен. Негізгі проблема – қажетті инфрақұрылымның болмауы. Мысалы, елордада инфрақұрылым мен энергоресурстардың жетпеуінен алдағы жылдары жаңа тұрғын үй салу көлемі біршама төмен жоспарланып отыр», — деді Әлихан Смайылов.

Ол мемлекет басшысы Астананы дамыту жөніндегі кеңесте мұндай проблемаларды шешу үшін инженерлік инфрақұрылымды жүйелі жоспарлау және кешенді түрде дамыту қажет екенін атап өткенін айтты.

Премьер-Министр мемлекеттік бағдарлама бойын-

ша салынған тұрғын үйлердің мәселесіне жеке тоқталды. Отырысқа қатысушыларға сапа стандарттарына сәйкес келмейтін аулалардың фотосуреттері көрсетілді.

«Мұндай үйлердің қай өңірде салынғанын айтпай-ақ қояйын. Бірақ, барлық жерде – осындай көрініс! Балалардың ойын алаңына қараңыздар! Жолдардың жағдайы қандай? Бұл не, қалыпты нормаға айналған ба? Әкімдер бюджет қаржысына салынған үйлерге ревизия жасап, барлық кемшіліктерді жоюы керек. Құрылыстың сапасын қатаң бақылауға алу қажет», — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министрдің айтуынша, бүгінгі таңда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында шұғыл әрі сапалы шешуді қажет ететін мәселелер көп. Сонымен қатар жауапты мемлекеттік органдардың жұмысында да халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз етуде кемшіліктер бар. Кезекте тұрғандарды баспанамен қамтамасыз ету жұмыстарының сапасыз жоспарлануын да бөлек алып қарауға болады.

«Салынып біткен тұрғын үйлерін ала алмай жүрген азаматтардан шағымдар көптеп түсуде. Себебі, Отбасы банкіне жеңілдікпен несие беруге қажетті қаражат жоқ. Жұмысқа бұлай салғырт қарауға болмайды», — деді Әлихан Смайылов.

Айтылғандарды есепке ала отырып, Премьер-Министр кезекте тұрғандарға жалдау ақысын субсидиялау жөніндегі шаралардың тиімділігіне қосымша талдау жүргізіп, нақты ұсыныстар енгізуді, сондай-ақ кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету кезінде мемлекеттік қолдаудың барлық бағыттарын уақытылы қаржыландыруды тапсырды.

Әлихан Смайылов өңірлерде құрылыс маусымын уақытылы бастау үшін тиісті жер учаскелерін алдын ала бөлу, жобалық құжаттаманы әзірлеу және қажетті инфрақұрылымды жүргізу маңызды екенін атап өтті.

\*\*\*

## ҚАЗАҚСТАН 2023 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ТАУАРЛЫҚ ГАЗ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУДІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ҰЛҒАЙТУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте отын-энергетика кешені мен электр энергетикасы саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамаларының жобалары қаралды.

Энергетика министрі Болат Ақшолоақов атап өткендей, отын-энергетика кешені дамыту шеңберінде тауарлық газ өндіруді (+25,5%) және республиканы газдандыру қарқынын (2029 жылы 63,4%-ға дейін), мұнай-газ-химия өнімін (6,6 есе), көмір өндіруді (+3%) ұлғайту және экономиканың энергия сыйымдылығын (5%-ға дейін) төмендету жөніндегі қадамдар қарастырылған.

Электр энергетикасына қатысты бірқатар қолданыстағы қуаттарды жаңғырту және жаңа өндіруші қуаттарды енгізу жоспарлануда, бұл қосымша 11,7 ГВт энергия береді, сондай-ақ жаңартылатын көздерден алынатын электр энергиясының өндірудің жалпы көлеміндегі үлесін 12,5%-ға ұлғайтуға, электр желілерінің тозу деңгейін 47%-ға дейін төмендетуге, республиканың бірыңғай энергия жүйесін құру жұмыстарын аяқтауға мүмкіндік береді.

Мұнай-газ-химия өнеркәсібінде ірі жобаларды, оның ішінде полиэтилен (жылына 1,250 млн тонна), бутадиен (319 мың тонна), полипропилен (80 мың тонна) және т. б. шығаратын зауыттарды іске қосу көзделген. Бұл ретте Теңіз, Қашаған және Қарашығанақта өндірістік қуаттарды кеңейту, сондай-ақ жаңа перспективті жобаларды әзірлеу есебінен мұнай өндіру деңгейін арттыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар мұнай, газ, мұнай өнімдерінің айналымын есепке алуды, электр энергиясын өндіру мен беруді автоматтандыру, іске қосу үшін техникалық шарттарды электрондық түрде беру, тариф құруды автоматтандыру және т. б. салаларды одан әрі цифрландыру бойынша шаралар жоспарланған.

primeminister.kz

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ

Халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету азаматтардың мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттырудың маңызды аспектісі болып табылады. Осыған байланысты, олардың көрсетілуін бақылау пәрменді тетіктердің бірі болып қала береді. Бұл бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті мемлекеттік органдар қызметінің тұрақты мониторингін жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мәселесінің өзектілігі мемлекеттік қызметтер адам өмірінің барлық саласын және бүкіл кезеңін қамтитындығымен түсіндіріледі. Туған сәттен бастап өмір бойы әрқайсымыз мемлекетпен, оның ішінде мемлекеттік қызметтерді алу арқылы өзара әрекеттесеміз.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Департамент тұрақты негізде конкурстар, ойындар, азаматтарды қабылдау, семинарлар, кездесулер ұйымдастырады, сондай-ақ әкімдіктердің қызметін жақсарту үшін оларға қол жеткізу критерийлерімен рейтинг әзірленеді, оның нәтижесінде электрондық мемлекеттік қызметтердің үлесі жыл сайын артып келеді және бүгінгі күні 98,6% - ға жетті, бұзушылықтар азайды, түсіндіру іс-шараларының саны артты және т. б.

Аудандар мен Петропавл қаласы әкімі аппараттарының оң тәжірибесі негізінде өткен жылдың наурыз айында Де-

партамент мемлекеттік қызметтерді көрсететін жергілікті атқарушы органдардың облыстық басқармалары үшін рейтинг енгізді, ол халықты мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алу мүмкіндіктері туралы ақпараттандыруды арттыруға, мемлекеттік қызметтерді көрсетудің проблемалық мәселелерін енгізуге, оның ішінде «жасырын» мемлекеттік қызметтер бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасына келіп түскен шағымдарды және мерзімдерді бұзуға жол бермеу.

Тоқсан сайынғы негізде Департамент 12 басқарманың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметін бағалайды, мемлекеттік органдар жүргізген жұмыс нәтижелерін жұмыспен қамтылған орнын көрсете отырып есептейді, олар көрсетілетін қызметті берушілерге танысу және жетілдіру бойынша шаралар қабылдау үшін енгізіледі.

Рейтингтегі критерийлердің әрқайсысына қол жеткізуге болады, тек мемлекеттік органдардың мүдделілігі талап етіледі.

2022 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша Ветеринария басқармасы, Білім басқармасы, Дін істері басқармасы, Денсаулық сақтау басқармасы көш бастап тұр. Соңғы орындарда Дене шынықтыру және спорт басқармасы, Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы, Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы орналасқан.

Өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда қызмет көрсетушілер негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша қызметті жандандырды.

Есептік кезеңде облыстық басқармалармен 188 ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары және 263 «Кеңес беру күндері» өткізілді, қызмет көрсету үдерісін жетілдіру бойынша 7 ұсыныс енгізілді, электрондық түрде қызмет алуды танымал ететін 8 бейнеролик пен 50-ден астам ақпараттық брошюралар әзірленді, Қоғамдық кеңестердің 4 отырысына қатысты, сондай-ақ ҰЕҰ-мен бірлесіп 2 әлеуметтік-түсіндіру маңызды объектілер жұмыстарын жүргізді. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жетілдіру бойынша қабылданып жатқан шаралар, ең алдымен, бұзушылықтарды болдырмауға, қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимылына, білім деңгейін арттыруға және цифрлық дағдыларды игеруге, мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қолайлы жағдайлар жасауға және т. б. бағытталған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруға көптеген құрамдас бөліктер ілеседі, ал пәрменді нәтижелерге білім, тәжірибе мен кәсібилікті қолдана отырып, тек бірлесіп, кешенді түрде қол жеткізуге болады.

Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін мемлекеттік органдарға мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұранысына толықтай назар аудару, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болу және өз іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Әсел ӘУБӘКІРОВА,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасы бас маманы.



# АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» МӘРТЕБЕСІН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Солтүстік Қазақстан облысында халықты МӘМС жүйесімен қамтуды арттыру бойынша жұмыс үздіксіз жүргізілуде, 2023 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 436 163 адам немесе халықтың 81,6% - ы медициналық сақтандыруға қатысушылар болып табылады (Анықтама: 01.01.2023 ж. жағдай бойынша СҚО халқының саны 534 315 адамды құрайды), бұл азаматтар МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқылы.

Бұл санға жарналарды төлеуден босатылған тұлғалар кірді – 15 жеңілдік санаты, олар үшін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналарды мемлекет төлейді - біздің өңірде осы санат 272 942 адамды (51%) құрайды.

Қазақстанда медициналық сақтандыру 2020 жылдан бастап жұмыс істейтініне қарамастан, МӘМС төлемдері барлық адамдар үшін міндетті болып табылады, алайда облыста 98 152 (18,4%) адам «сақтандырылмаған» болып қалады. Олардың көпшілігі ауыл тұрғындары, 98 152 «сақтандырылмаған» адамның 61,2% - ы ауылдық жерлерден.

## НЕЛІКТЕН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖҮЙЕДЕН ШЫҒАДЫ?

Сақтандырылмаған ауыл тұрғындарының көпшілігі өзін - өзі жұмыспен қамтығандар немесе бірыңғай жиынтық төлемді (бұдан әрі - БЖТ) төлеушілер екенін ескеру қажет.

Талдау көрсеткендей, МӘМС жүйесінен тыс бірыңғай жиынтық төлемді (бұдан әрі - БЖТ) төлеушілер көрсетіледі. Төлемді уақтылы жасамай (БЖТ тек ағымдағы және болашақ айлар үшін төленуі мүмкін), олар сақтандырылған мәртебесін жоғалтады.

МӘМС жүйесінде медициналық көмек алу құқығын алу үшін БЖТ төлеушілерге БЖТ медициналық көмек алатын күннің алдындағы қатарынан кемінде үш ай, сондай-ақ ағымдағы ай үшін төлеу қажет. МӘМС жүйесінде сақтандырылу мәртебесі ағымдағы ай үшін төлем болған кезде өзекті екенін және айдың соңына дейін жарамды екенін есте сақтау маңызды.

Ауыл тұрғындарының қателігі БЖТ ағымдағы айдың басында немесе ортасында төленеді. Мысалы, ауыл тұрғыны ай сайын БЖТ төлейді

Әр айдың 10-ы күні «Қазпошта» АҚ филиалдары арқылы, «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ бұл төлем 3-5 жұмыс күні ішінде түседі, шамамен 16-17-і түседі, ал «сақтандырылған» мәртебесі осы күннен бастап ағымдағы айдың соңы күніне дейін төленеді. Ал жаңа айдан бастап ол қайтадан «сақтандырылмайды». Сондықтан БЖТ алдын-ала төлеуді ұсынамыз, яғни айдың соңында (20-25 күндері) келесі айға төлеңіз. Сондай-ақ, келесі айларға алдын ала төлеу мүмкіндігі қарастырылған, яғни 2 айға немесе тоқсанға болады. Төлемдер тұрақты болуы керек, өткен кезең үшін төлеуге болмайды.

Сонымен қатар, маусымдық жұмысшылар «сақтандырылған» мәртебесін жоғалтады, өйткені ауыл тұрғындарының көпшілігі шаруа қожалығында, ЖШС-де жұмыс істейді, олар негізінен егіс және егін жинау науқаны кезінде жұмыс істейді.

Адам жұмыс істемейтін кезеңде ол міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (айына 3 000 теңге - ЕТЖ – нің 5%) немесе БЖТ (0,5 АЕК-басқа елді мекендерде тұратын жеке тұлғалар үшін -1531, 50 теңге) жарналарын өзі төлеуге тиіс. Жұмыс беруші немесе бухгалтерлік есеп өз қызметкерлеріне бұл туралы ескертуі керек.

Сондай-ақ, жақында жұмысқа орналасқан және әлі сақтандырылмаған қызметкерлер үшін мәртебе алудың маңыздылығын атап өту қажет, өйткені олардың жұмысқа орналасқанға дейінгі кезеңге берешегі бар. Жоспарлы медициналық көмек көрсету, диагностикалық процедуралардан, скринингтерден, ауруханаға жатқызудан өту қажет болған жағдайда мәртебенің болмауы қиындық туғызады. Сондықтан жұмыс берушілер жаңадан келген қызметкерлерге осы нюанстарды түсіндіруі керек.

Сақтандырылмағандардың 30% - ға жуығы жалдамалы жұмысшыларға тиесілі. Жалпы себеп жұмыс берушілер жарналар мен аударымдарды төлеуден жалтарады немесе төлемді кешіктіріп жүргізеді, осылайша өз қызметкерлерінің құқықтарын бұзады.

МӘМС пакетіндегі қызметтердің - барлық жоспарлы медициналық көмектің, консультациялық-диагностикалық қызметтердің, оның ішінде қымбат тұратын қызметтердің, қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту қызметтерінің қолжетімділігі біздің халқымыздың сақтандырылу мәртебесіне



тикей байланысты және МӘМС артықшылығы болып табылады.

Егер сізде Сақтандырылған тұлға мәртебесін алуға немесе медициналық көмек алуға қатысты сұрақтарыңыз болса, әрбір медициналық ұйымда бар пациентті қолдау қызметіне жүгіне аласыз немесе өзіңізге ыңғайлы байланыс арнасы бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініш қалдыра аласыз: Ресми сайт fms.kz, байланыс орталығы 1406, Telegram-дағы Qoldau 24/7 және SaqtandyryBot мобильді қосымшасы.

Сонымен қатар, кеңес алу үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының СҚО бойынша филиалының азаматтарды қабылдау кабинетіне жүгінуге болады.

2023 жылғы 1-31 қаңтар аралығында СҚО бойынша филиалмен 499 консультация берілді, оның ішінде 85 адам азаматтарды қабылдау кабинетіне жеке өзі жүгінді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының мекенжайы: Петропавл қ., Абай к-сі, 57. Телефондары: 555165,555164.

Жұмыс уақыты: 09.00. 18.30 дейін. сағат (сенбі, жексенбіден басқа)  
Түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

**АНЫҚТАМА:** 2019 жылдан бастап Қазақстанда бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) енгізілді, онда бейресми жұмыспен қамтылғандардың қызметін салық органдарында тіркеудің оңайлатылған тәртібі көзделген.

Ол төлемнің төрт міндетті түрін біріктіреді: жеке табыс салығы (ЖТС); Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар;

БЖЗҚ-ға зейнетақы төлемдері; міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына аударымдар.

БЖТ мөлшері 2023 жылы бірыңғай жиынтық төлемнің ай сайынғы мөлшері мынаны құрайды:

1 АЕК – Республикалық маңызы бар қалаларда, астанада және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін - 3 450 теңге

0,5 АЕК – басқа елді мекендерде тұратын жеке тұлғалар үшін-1 725 теңге.

БЖТ сомасы салықтар бойынша қалай бөлінеді? Бірыңғай жиынтық төлем сомасы «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ келесі пропорцияда бөлінеді:

10% – жеке табыс салығы (ЖТС); 20% – әлеуметтік аударымдар (ӘА); 30% – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ); 40% - міндетті медициналық сақтандыруға аударымдар (МӘМС).

БЖТ төлеушілердің қандай құқықтары мен кепілдіктері бар?

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлғаларға бірыңғай жиынтық төлемді төлеу: міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы болу;

Зейнетақы жинақтарын жүргізуге және зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты базалық зейнетақы төлемін алуға құқық береді;

еңбек ету қабілетінен айырылған, жұмысынан айырылған, асыраушысынан айырылған, жүктілік пен босану, бала асырап алған, 1 жасқа дейінгі бала күтімі жағдайларында әлеуметтік төлемдер алуға құқылы.

Лариса ГОРДЕЕВА

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының директоры

## МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ҚАНДАЙ ШАҒЫМДАР ТҮСТІ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында өткен жылы Қорға жүгінген азаматтардың өтініш-шағымдары бойынша қорытынды жасады. 2022 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанға дейін Бірыңғай ақпараттық медициналық Call-орталығына 759 164 өтінім келіп түскен. Оның ішінде 707,5 мың адам кеңес алса, 24 мың жүгінуді шағым қалдырды.

Талдау көрсеткендей, өтініштердің 85%-ында 1406-ға қоңырау шалынған. Шамамен 14% өтінім Қорға Qoldau 24/7» мобильді қосымшасына келіп түсті. Қордың fms.kz ресми сайты, Telegram-дағы @SaqtandyryBot, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің сайты мен блогы сынды кері байланыс арналары да халық арасында танымал.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында атап өткендей, өтінімдердің 93%-ында кеңес берілсе, 50 мыңнан астам өтінімді егжей-тегжейлі қарау және жауап беру үшін 2-ші және 3-ші қолдау желісіне жіберілді.

Астана, Алматы, Ақмола және Ақтөбе облыстарының тұрғындары әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры операторларының кеңесін белсенді пайдаланады.

Қорда атап өткендей, республикалық маңызы бар қалаларда ел халқының 20%-ы тұрады. Сәйкесінше бұнда медициналық қызметтерді тұтынушылар басым әрі халық тарапынан жиі сұрақтар қойылады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры өзін пациенттердің омбудсмені ретінде ұстанатыны көпшілікке мәлім. Сол себепті адамдар медициналық көмек алу кезінде құқықтары бұзылған жағдайда Қорға жазып, хабарласады.

Өткен жылы пациенттер Қорға 24 мың шағым жіберген. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда олардың саны 35%-ға артты (2021 жылы 17,7 мың шағым). Шағымдардың жартысына жуығы Алматы, Астана қалаларына және Қарағанды облысына тиесілі.

Азаматтар көбінесе медициналық көмектің сапасыз көрсетілгенін айтып шағымданады (32,6%). Екінші орында – медициналық көмек көрсетуден бас тарту (19%). Сондай-ақ медициналық көмекті ұзақ күту (5,8%), дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуден бас тарту (4,8%), этика мен деонтологияны бұзу (4%), медициналық ұйымның ақпараттық жүйелерінде көрсетілмеген қызметті көрсетілді деп көрсеткен жалған ақпарат (3,2%) бойынша шағымдар түсті.

«Пациенттер өз емханаларында бейінді мамандар болмаған кезде, басқа медициналық ұйымдарға жолдама ала алмағандарын немесе ақылы негіздегі тексерулер мен консультацияларға жіберілгендерін, сонымен қатар, уақтылы ем ала алмай немесе сапасыз емделгендерін, бейінді дәрігерлердің консультацияларын ұзақ күткендерін, медицина қызметкерлерінің дөрекі әрекеті, ТМҚК кіретін медициналық көмекті алуға сақтандыру мәртебесін заңсыз талап еткендерін және өз құқықтары бұзылғанын айтып шағымданады», - деп атап өтті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

Естеріңізге сала кетейік, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары әрбір шағым бойынша жоспардан тыс мониторинг жүргізеді және оның қорытындысы бойынша бұзушылықтар расталған жағдайда айыппұл санкциялары қарастырылады.

Қор келіп түскен өтініш-шағымдарды талдау және мониторинг арқылы кері байланыс сапасына халықтың көңілі толғанын анықтайды. Жыл қорытындысы бойынша 95,3% толыққанды жауап берілді.

Медициналық қызметтерді көрсетуден бас тартқан жағдайда, медқызметтердің сапасына көңілі толмаған пациенттер медициналық ұйымнан ресми жауап алу және тиісті шаралар қабылдау үшін жоғарыда аталған байланыс арналары бойынша міндетті түрде ресми өтінім қалдыру қажет.

Әлеуметтік желілерде жазылған шағымдар процессуалдық шешім қабылдау үшін ресми өтінім болып табылмайды.

Егер тағы сұрақтар туындап жатса, сіз өз емханаңыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіне аласыз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының келесі байланыс арналары арқылы өтініш жібере аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyryBot.

Осы құралдар арқылы сақтандыру мәртебесін тексеруге болады. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы ҚР электрондық үкіметінің сайтында egov.kz «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы білуге болады.

Сонымен қатар «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалында азаматтарды қабылдау кабинеті ұйымдастырылғаны жөнінде еске саламыз. 2023 жылғы 1-31 қаңтар аралығында СҚО бойынша филиалмен 499 консультация берілді, оның ішінде 85 адам азаматтарды қабылдау кабинетіне жеке өзі жүгінді.

2022 жылдың осы кезеңінде 294 консультация берілді, оның ішінде 50 адам жеке өтініш білдірді.

Биылғы жылы шетел азаматтары (РФ, Армения, Украина, Тәжікстан, Армения, Өзбекстан) емханаларға тіркелу, МӘМС жарналарын төлеу, сақтандыру мәртебесі, ЖШН біріктіру, берешекті жою және т. б. мәселелері бойынша жиі жүгіне бастады. Сондай-ақ, тұрғындардан еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелерін тіркеу туралы сұрақтар келіп түседі.

Филиалдың мекенжайы: Абай көшесі, 57, №12 кабинет. Кеңес алу үшін телефондар: 555165,555164.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.



## ЖҰМЫС КЕҢІСТІГІНДЕ ТИІМДІ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев: «Қызметкерлердің әртүрлі қызметтік тапсырмаларды ұтымды орындау үшін икемді жұмыс кестесін, қашықтан жұмыс тәжірибесін кеңейту, яғни жұмыс кеңістігінде тиімді жағдайларды пайдалану қажет».

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті жүргізетін жұмыс жоспарлы міндеттерді орындауда ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік қызмет, мемлекет пен азаматтардың өмірінде туындайтын өткір жағдайларға жедел әрекет етуден тұрады.

Қызметкерлердің икемді жұмыс кестесіне көшу мәселесі бойынша мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметтеріне консультациялық және әдіснамалық қолдау көрсету бағыттардың бірі болып табылады.

Департаменттің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасы жүргізген талдауға сәйкес, икемді жұмыс кестесіне көшуді қалайтын қызметкерлердің айтарлықтай өсуі байқалады.

2022 жылмен салыстырғанда 10 мемлекеттік органда осы режимде 40 қызметкер, ал 2021 жылы 6 мемлекеттік органда барлығы 22 қызметкер жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабына сәйкес жыл сайынғы демалыстың максималды ұзақтығын және ақы төленетін демалысын, сондай-ақ демалуға құқықты жүзеге асырудың өзге де негізгі шарттарын мемлекет айқындайды.

Айта кету керек, икемді жұмыс кестесі – бұл жұмысшының өз қалауы бойынша жұмыс күнінің басталуы мен аяқталуының күнделікті уақытын немесе жұмыс берушімен келісім негізінде жұмыс күнінің күнделікті ұзақтығын таңдау мүмкіндігімен сипатталатын жұмыс уақытын бөлу тәсілі.

Икемді жұмыс кестесіне көшудің мақсаты мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұмыс күнінің оңтайлы тәртібін құру болып табылады. Әрине, әртүрлі жағдайларды ескере отырып, икемді жұмыс кестесі мемлекеттік органның қалауы бойынша енгізіледі.

Департаменттің бақылау басқармасының қызметкерлері үстеме жұмыстың алдын алу және оған жол бермеу шеңберінде қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен және Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілімен бірлесіп 2022 жылы облыстың 960 қызметшісі арасында заңсыз үстеме жұмыс және жұмыс уақытын ұтымсыз пайдалану фактілерінің жолын кесу бойынша жұмыс жүргізілді.

Бұл ретте, алдын алу шараларына қарамастан, мемлекеттік органдарда 2022 жылы фабит Мүсірепов атындағы, Тимирязев және Қызылжар аудандарында жұмыс берушілердің бастамасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақыты режимін бұзу фактілері анықталды, онда бұзушылықтарды жою туралы шығарылған нұсқамаларға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қалпына келтірілді.

Үстемелі жұмыс және барлық тілек білдірушілерге икемді жұмыс кестесін белгілеу мақсатында Департамент тоқсан сайын мемлекеттік органдардың басшыларына өз қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін жүргізу қажеттілігі туралы талдамалық хаттар жолдайды. Жалпы, бұл жұмыс бүгінде оң нәтижеге ие.

Мемлекеттік қызметшілердің жұмыстағы тұрақты кідірістері ұжымда жағымсыз моральдық-психологиялық ахуал туғызады, әріптестер тарапынан ғана емес, мемлекеттік қызметшілердің отбасы мүшелерінің де сынына ықпал етеді.

**Егер сіз жұмыс орнында үстеме жұмыс фактісіне тап болсаңыз немесе икемді жұмыс кестесіне көшу мәселесін шеше алмасаңыз, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментіне 8-7152-46-58-89 сенім телефоны арқылы жүгіне аласыз.**

Абзал Оразымбетов,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

## ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫН ҰСТАУ ЗАҢМЕН РЕТТЕЛЕДІ

Қазақстанда 2022 жылғы 2 наурызда «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заң күшіне енді. Оның негізгі мақсаты – жалпыға ортақ этикалық құндылықтар аясында жануарларға деген қатынасты құқықтық реттеу.

Осы Заң жануарларды қорғау, оларға қарау кезінде азаматтардың қауіпсіздігін, құқықтары мен өзге де заңды мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ адамгершілікті нығайту және қоғамның ізгілік қағидаттарын сақтау мақсатында жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы қатынастарды реттейді.

Осы заң аясында азаматтарды адамгершілікке тәрбиелеу идеологиясына басымдық берілген. Демек, бұл заң жануарларға ауырсынуды сезіне алатындай тіршілік иесі ретінде қарауға, жануарлардың тіршілігі мен саулығы, амандығы үшін иелерінің жауаптылығын арттыруға, оларды қатыгездіктен қорғауға, халықтың адамгершілік көзқарастарын тәрбиелеуге негіз болады.

Айта кетерлігі, заңда иттердің төбелесін ұйымдастыру, ветеринариялық операцияларды наркозсыз жасау, жануарларды жазасыз өлтіру, жануарларды деградациялау, дер кезінде көмек көрсетпеу сияқты жануарларға қатысты келеңсіз көріністерге тосқауыл қойылған.

Үй жануарларының иесі мен жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 28 қыркүйектегі № 21/3 шешімімен бекітілген тәртіппен Үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын сақтауы қажет.

Үй жануарларын Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарын бұза отырып, қоғамдық орындарда, ұстау орындарында, жергілікті жерде, шатырлар, іргелес балқондар, лоджиялар және жалпы пайдалануға арналған қосалқы бөлмелер, іргелес аумақтарда (жеке тұрғын үй ғимараттарының іргелес аумақтарын қоспағанда), асүйлерде және жатақхана дәліздерінде ұстауға рұқсат етілмейді.

Үй жануарларын бірнеше отбасы тұратын тұрғын үйде ұстау медициналық қарсы көрсетілімдер ескеріле отырып, кәмелетке толған барлық отбасы мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады.

Үй жануарының иесі және (немесе) жауапты адам үй жануарларының тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды, оның ішінде кондоминиум объектілерін, қоғамдық орындарды ластауына және қоршаған ортаға зиян тигізуіне жол бермеуі керек.

Үй жануарларын ұстау жағдайлары олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін олардың биологиялық, түр және жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек. Үй жануарларының иелері Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жануарлар ауруларының профилактикасын, диагностикасын, емдеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Үй жануарларын қараусыз қалдыруға болмайды, қарау мүмкін болмаған жағдайда үй жануарының иесі немесе жауапты адам оны үшінші тұлғаларға уақытша ұстауға беруге немесе жануарды уақытша ұстауға үй жануарларына арналған панажайға немесе зоологиялық жатынжайға орналастыруға тиіс.

Үй жануарын одан әрі ұстау мүмкін болмаған жағдайда, иесі және (немесе) жауапты адам үй жануарын одан әрі орналастыру шараларын қолданады.

Иттерді өздігінен серуендей алмайтын және адамдар мен жануарларға шабуыл жасай алмайтын жағдайда ұстау керек. Мұндай жағдай болмаса, итті торда немесе байлаулы ұстау керек.

Үй жануарларын ұстау қағидаларын бұзғаны үшін жануардың иесі және (немесе) жауапты адам «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауапты болады.

Құрметті үй жануарларының иелері, үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын сақтай отырып, сіз өзіңізді, айналадағы адамдарды және үй жануарыңызды қорғай аласыз.

Наталья Тараканова,

СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар бөлімінің басшысы.

• Сайлау – 2023 •

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Тайынша-Таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – «Тайынша таңы» газетінің меншік иесі сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы мәлімдейді.

«Тайынша таңы» газетінің редакциясы 2023 жылғы 19 наурызға белгіленген ҚР Парламенті Мәжілісіне кезектен тыс сайлауға қатысуы үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспасөз бетінен орын берудің шарттары, көлемі мен тәртібін хабардар етеді.

### БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫ ҮШІН ОРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

Редакцияның баспа материалдарына орын белгілеу «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады. Баспа материалдары үшін орын белгілеу кандидаттарға үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы редакциямен жасалатын жазбаша келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарттың және оған тиесілі құжаттардың үлгісі жоғарыда аталған жазбаша өтінішті беру кезінде көрсетіледі. Баспа беттерінде орын белгілеу туралы редакциямен келісімшартқа кандидаттың (сенім білдірген адамның) қол қоюы кандидаттың (сенім білдірген адамның) сайлауалды үгіт жүргізуге қатысты редакцияның қызметін пайдалануға келісім беруі болып табылады. Келісімшарт жасасу үшін кандидат, партиялық тізімін ұсынатын саяси партия редакцияға мынадай ақпараттар көрсетілген жазбаша өтініш білдіреді:

- жазбаша өтінішті тіркеу нөмірі, күні мен уақыты;
  - кандидаттың (партиялық тізім ұсынған саяси партияның атауы) аты-жөні, кандидаттың, жазбаша өтініш берген сенім білдірген адамның аты-жөндері;
  - жазбаша өтініш берген адамның өкілеттілігін растайтын құжат: кандидаттың (сенім білдірген адамның) жеке куәлігі, кандидаттың (сенім білдірген адамның) уәкілетті мемлекеттік орган берген куәлігі немесе заңнамаға сәйкес өзге құжаты;
  - сайлау округі (саяси партия);
  - баспа материалдары орнының көлемі және оны беру мезгілі, үгіт баспа материалдарының түрі көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны;
  - кандидаттың немесе сенім білдірген адамның қолы.
- Үгіт баспа материалдары редакцияға жарық көруге 5 (бес) жұмыс күні қалғанда беріледі. Баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық алауыздықты өршіту, қатыгездік пен зорлық-зомбылық, сондай-ақ заңнамада көрсетілген әскери құрамалар құру идеяларын ұсынған жағдайда редакция оларды жариялаудан бас тартуға құқығы бар.

### МАТЕРИАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІ, АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2023 жылғы 19 наурызға белгіленген ҚР Парламенті Мәжілісіне кезектен тыс сайлауға қатысуы үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа материалдарына ақы төлеу мөлшері – «Тайынша таңы» газетінде (бір) шаршы сантиметріне – 150 (жүз елу) теңге. Баспа материалдарына ақы төлеудің сомасы алдын ала 100 пайыздық ақысын төлей отырып, тиісті сайлау қоры аударуы керек. Алдын ала төлеу редакция берген шот негізінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу баспа материалдары үшін орын бөлу туралы тиісті келісімшартта немесе шотта көрсетілген редакцияның банктік реквизиттеріне сәйкес атқарылады.

Гүл НҰРАЛИНА,  
«Тайынша-Таңы» ЖШС директоры.

### ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІХАНА

“Жуматов М.С.” ЖК  
Сериясы ВП №000593 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

### ЖЕКЕ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІГЕР

Сериясы ВП №004124 лицензия ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан аумақтық басқармасымен берілген

Үй құстарына, атап айтсақ бройлер, үйрек және қазға арналған Ресейде өндірілген дәруменді жем-азықтарды сатады. Сатылымда құстар арасындағы инфекциялық ауруларға қарсы құралдар да бар.

Мекенжайы: Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 294 және Пролетар көшесі, 291-1 тел. 87779217555.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 46. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:  
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.